

«Діни лидерлер қауіпсіз әлем үшін»

«Религиозные лидеры за безопасный мир»

«Religious leaders for a safe world»

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезі рухани иерархтар мен саясаткерлер ынтымақтастығының түбегейлі жаңа жүйесін білдіреді.

Өткен бесінші Съезден бері үш жыл ішінде Қазақстан астанасында жаһандық деңгейдегі маңызды шаралар өтті.

Халықаралық саммите қабылданған шешімдер халықаралық ауқымда зор серпіліс туғызды, өйткені бітімгершілік, әріптестік, төзімділік және жасампаздық идеялары кеңінен қанат жайды.

**Қазақстан Республикасының Президенті – Нұрсұлтан Назарбаевтың
Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері VI съезінің
ашылуында сөйлеген сөзінен**

Съезд лидеров мировых и традиционных религий являет собой принципиально новую систему сотрудничества духовных иерархов и политиков.

За три года, прошедшие с момента пятого Съезда, в столице Казахстана были проведены важные мероприятия глобального уровня.

Принятые на межрелигиозном саммите решения имели широкий международный резонанс, поскольку были пронизаны идеей миротворчества, партнерства, толерантности и созидания.

**Из выступления Президента Республики Казахстан –
Нурсултана Назарбаева на открытии VI Съезда
лидеров мировых и традиционных религий**

The Congress of the Leaders of World and Traditional Religions is a fundamentally new system of cooperation between spiritual figures and politicians.

Significant global events have been held in the capital of Kazakhstan since the last fifth Congress.

The decisions taken at the interfaith summit had a broad international importance as they were embedded with the idea of peace, partnership, tolerance and reconciliation.

**From the speech of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev
at the opening ceremony of the VI Congress of the Leaders of World and Traditional
Religions**



Бүгінде Съездің шынайы алаңы Астана ғана емес, барша әлем қауымдас-
тығы, өйткені бүкіл әлемде әрауан дінді ұстанатын адамдар Қазақстанның
елордасындағы кездесуге зор үмітпен көз тігуде.

Ұрыс-жанжал мен үрейден қажыған миллиондаған адамдар бейбітшілікті,
тыныштықты, тұрақтылықты қалайды. Халықтар шын мәнінде бітімгершілікке
зәру екені анық.

Діни лидерлер, белгілі саясаткерлер мен халықаралық ұйымдардың
басшылары өз мемлекеттері мен халқына VI Съездің қорытындыларын
жеткізеді деп үміттенемін.

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы,
Съез Хатшылығының Басшысы
Касым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөзінен**

Сегодня истинной платформой Съезда является не только Астана, но и
само мировое сообщество, так как люди разных религий по всему миру с
надеждой следят за встречей в столице Казахстана.

Миллионы людей, переживших конфликты и борьбу, хотят мира, спокой-
ствия и стабильности. Становится очевидно, что страны нуждаются в мире.

Я надеюсь, что религиозные лидеры, видные политики и лидеры междуна-
родных организаций донесут до своих государств и народов ключевое посла-
ние VI Съезда.

**Из выступления Председателя Сената Парламента РК,
Руководителя Секретариата Съезда
Касым-Жомарта Токаева**

Today, the true platform of the Congress is not only Astana, but also the entire
world community, since people of different religions around the world are
following with hope the meeting in the capital of Kazakhstan.

Millions of people, who survived the conflicts and struggles, want peace, tran-
quility and stability. It is obvious that nations need peace-building.

I hope that the religious leaders, prominent politicians and leaders of interna-
tional organizations will communicate the key message of the VI Congress to their
states and people.

**From the speech of the Chairman of the Senate of the Parliament
of the Republic of Kazakhstan, the Head of the Secretariat of the Congress,
Kassym-Jomart Tokayev**





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІ VI СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



**Құрметті Серб Республикасының Президенті!
Жоғары мәртебелілер, құрметті Съезге қатысушылар мен
қонақтар, ханымдар мен мырзалар!**

Сіздерді қонақжай Қазақстан жерінде қарсы алғанымға шын жүректен қуаныштымын. Діни көшбасшыларға, халықаралық ұйымдардың өкілдеріне, саясаткерлер мен сарапшыларға Съезді шақыру жөніндегі біздің бастамамызға қолдау көрсетіп, оның жұмысына қатысқандарыңыз үшін ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Бұл жерде алғашқы тарихи Съез өткеннен бері 15 жыл өтті.

Бүгін біз алтыншы рет жиналып отырмыз. Бұрынғы отырыстарға қатысқан біздің достарымызды қайта көргеніме қуаныштымын.

Астанаға алғаш рет келгендерге ризашылығымды білдіремін.

Биыл біздің елордамыз өзінің 20 жылдығын

атап өтті. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезін біздің қаламыздың бейнесі деп атауға болады, өйткені біз бұл қаланы – Астананы жер жүзіндегі мәдениеттерді жатсынбайтын әрі болашақтағы еуразиялық қала ретінде салдық. Жалпыға белгілі «алуан түрдегі тұтастық» қағидасы Қазақстан астанасының шынайы философиясы болып табылады.

Астана бастамаларды біріктіретін әрі бітімгершілік үдерістердің тартылыс нүктесі ретінде күллі халықаралық қоғамдастыққа танымал болды.

Біздің елордамызға ынтымақтастық, өзара құрмет пен толеранттылықтың ерекше рухы тән болып отыр.

Соңғы съезден бері өткен үш жыл ішінде Қазақстан астанасында жаһандық деңгейдегі маңызды шаралар болып өтті. Астанада қабылданған шешімдер халықаралық деңгейде зор серпіліс туғызды, өйткені бітімгершілік, әріптестік, төзімділік және жасампаздық идеяларын алға тартылды. Өкінішке орай, дүрбелеңге тап болған әлемде, осының бәрінің құндылығы ерекше маңызға ие болуда. Санкциялық қарсы тұру, діндер арасындағы және діндер ішіндегі қайшылықтар, сауда-саттық шиеленістері, қоршаған ортаның ластануы біздің бәрімізді, саясаткерлер мен діни қайраткерлерді алаңдатпауы мүмкін емес.

Ғылыми-технологиялық өркендеу аясында өркениетаралық қақтығыстардың мән-мағынасы қалмады. Алайда, болашақтағы адамзаттың бейнесі дәл қазір қалыптасуда. Біз ортақ планетамызды алдағы ұрпаққа қандай жағдайда табыстаймыз – бұл өркениеттің басты мәселесі.

Біз 18 жыл бойы үшінші мыңжылдықта өмір сүріп келеміз, бірақ бейбітшілік, игілік, молшылық адамзат дамуының негізгі көріністеріне айнала алмады. Әлемдік қоғамдастық өзара

сенімсіздік, жек көру мен жанжалдар аясынан шыға алмады.

Біз жағдайдың жақсаруының орнына, нашарлағанына куә болып отырмыз. Елдер, геосаяси топтасулар арасында жаңа қабырғалар мен жаңа «темір перделер» салынууда.

Бірақ ең қауіптісі – адамдардың ақыл-ойы мен жүрегінде жатсыну мен жатырқау күшейе түсуде.

Ынтымақтастыққа емес, бәсекелестік үшін себептер іздеуге, халықтардың өркендеуіне арналған бірлескен жобалар емес, бір-бірін жою құралдарын жасауға ауқымды күш жұмсалып отыр. Бұл ең қате, тығырыққа апаратын жол екенін ашық айтамыз. Сондықтан прогрестің даңғыл жолына оралуға жәрдемдесу – біздің ортақ борышымыз болып табылады. Кешеуілдеуге жол беруге болмайды.

Жүздеген мың, миллиондаған адамдар туған жерін тастап кетуге мәжбүр, көптеген адамдар хабар-ошарсыз кетуде. Жер шарындағы босқындар саны 65 миллион адамнан асты. Тек қақтығыстар ғана өлім-жітімнің тікелей себебі емес. Күш-қуаты мен қаржысын қақтығыстарға жұмсаған адамзат, табиғи апаттардан қорғануға оны таппай отыр.

Жыл сайын орта есеппен 24 миллион адам табиғи апаттар салдарынан кедейлік деңгейіне түсіп отыр. Миллиондаған адамдар амалсыздан өз үйлерін тастап кетуде.

Технологиялық қарқынды даму мен жалпы әлемдік байлықтың арта түсуіне қарамастан әлеуметтік апаттардың ауқымы кеңейе түсуде. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтері бойынша, жер жүзіндегі халықтың 14 пайызы аштыққа ұшыраған. Жұмыссыздардың жалпы саны 190 миллион адамнан асты. Бұл әлеуметтік теңсіздікті күшейтіп, радикализмге нәр беріп отыр. Сондықтан қауіпсіз әрі әділ әлем басты мәселе болып табылады.



БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің жұмыстарына тұрақты емес мүше ретінде белсенді қатыса отырып, Қазақстан адамзаттың ілгерілеуіне кедергі келтіретін жаһандық проблемаларды шешу жөнінде шұғыл шаралар қабылдау туралы анық әрі түсінікті пікірлерін білдіріп отыр. Алайда, тек қана БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің күшімен қауіпсіз әлемге қол жеткізу мүмкін емес.

Бүгін біз, оның ішінде осы залдағы діни, қоғам қайраткерлері, саясаткерлер жаһандық сенім дағдарысын еңсеруге өз үлесімізді қосуымыз керек. Әрине, салмақты, дәлелді сөзді рухани көшбасшылар айтуы тиіс. Сіздер жеке дара ерекше діннің өкілісіздер. Бірақ олардың әрқайсысы жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік қағидаларының бірлігін толық мойындайды.

Көптеген наным-сенімдерден, илану мен сыйынудан алынған рухани бастаулар серпінді күштерді біріктіретін процесс болуға тиіс екеніне сенімдімін.

Бітімгерлікке шын ниетпен ұмтылу Алланың ізгі істеріне деген сенімге негізделеді. Санасына жанжал ұялаған адам ешқашан шынайы діндар болмақ емес.

Астанада өткен бес Съезде түрлі мәдениеттер, діндер мен қоғамдар көшбасшыларының өзара сыйластығы, сындарлы ынтымақтастығы идеялары өміршең екендігін айқын дәлелденді. Ол Қазақстанда іс жүзінде дәлелденіп отыр.

Біздің азаматтарымыздың көпшілігі өздерін мұсылман деп есептейді, дегенмен ол барлық басқа діндердің еркіндігіне кедергі келтірмейді. Біздің елордамызды араласаңыздар түрлі діндердің ғибадатханалары қатар тұрғанын, адамдардың оларға еркін барып, сыйынып жүргенін көре аласыздар.

Қазақстанда 18 түрлі конфессияның 3,5 мыңнан астам діни субъектісі тіркел-

ген. Мұндай әр алуандық аясында біз ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен діни бостандықтарды қорғау арасындағы тепе-теңдікті таба алдық. Бүгінгі күні көпшіліктің мойындауынша, біздің елімізде конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің ерекше қазақстандық үлгісі қалыптасқан.

Қазақстанның іс жүзіндегі тәжірибесін Дүниежүзінің ауқымында да қолдануға болатынына сенімдімін.

Біздің бірлескен жұмыстарымыз бейбітшілікті, прогресті, көптеген елдер азаматтарының әл-ауқатын қамтамасыз ету ісінде көрінетін нәтижелерді туындата алады.


Құрметті Съезге қатысушылар мен қонақтар!

Біз назар аударып, бірге жұмыс істей алатын бағыт-бағдар туралы өз ойларымызмен бөлісуге рұқсат етіңіздер.

Бірінші. Ақпараттық қоғам дәуірінде біз бейбітшілік пен келісім идеяларын жаһандық деңгейде бірге ілгерілету үшін жаңа технологиялардың барлық артықшылықтарын пайдалануға тиіспіз. Бұл үшін біздің Съезіміз базасында Ақпараттық портал құру ұсынылады. Порталдың міндеті діни радикализмнің және жалпы зорлық-зомбылықтың кез келген көріністеріне төзімділікті нығайту әдістерін зерделеу мен қолдануға көмектесу.

Ол діндар адамдардың жаһандық ауқымдағы аудиториясымен жұмыс істеу алаңына айналуы мүмкін. Әрбір діндар жан діни ұйымдардың, конфессиялық ағымдардың көшбасшыларына сұрақ беріп немесе ұсыныс жасап, кері байланысқа шыға алады.

Екінші. Біз жер бетіндегі бейбітшілікті қамтамасыз ету жөніндегі біздің ниет-мақсатымызға негізделген орасан зор әлеуетті жеткілікті пайдаланбаймыз. Өзара іс-қимылдың



жаңа деңгейіне шығу қажет. Бұл жерде қақтығысушы тараптар арасында сындарлы үнқатысу орнату үшін рухани көшбасшылар мен діни ұйымдардың орасан мүмкіндіктерін қолдану туралы сөз болып отыр.

Барлық рухани көшбасшыларға әлем қоғамдастығына, адамдарға, мемлекеттерге бейбітшілік пен қауіпсіздік туралы үндеу жасауды ұсынамын. Ол әрбір діннің тәжірибесіне сәйкес фетва, энциклика немесе басқа да жолдаулар мен үндеулер түрінде болуы мүмкін.

Үшінші. Қазіргі заманғы жаһандық проблемалардың бірі болып қолжетімді білімнің болмауы. Бүгін әлемде 750 миллион адам жазуды да, оқуды да білмейді. Жаппай білім мен ғылымды игермей кедейлікті, мұқтаждықты жеңу мүмкін емес. Тек білім ғана кез келген түрдегі радикализм идеяларына орнықты иммунитеттің негізі болып табылады.

Бұл жерде діни білімнің маңызы зор. Қазір түрлі жалған діни ұйымдар оның тұғырнамасын белсенді пайдаланып жүр. Сондықтан әлемдік және дәстүрлі діндер діни құндылықтарды саяси идеологемадан бөлу жұмыстарын жүргізе алар еді.

Төртінші. Әлемдік қоғамдастықтың милитаристік ойлар мен оған байланысты қауіпті анахронизмдерді еңсеруі жаһандық қауіпсіздік жүйесін жаңғырту қабілетіне байланысты.

Елдерді әскери блоктарға бөлуді өткенге қалдыру керек, олар арандату мен мағынасыздыққа сеп болып отыр.

Соғысқа қарсы жалпы әлемдік шаралар туралы менің ойларым «Әлем. XXI ғасыр» манифесімде көрініс тапты, онда Біріккен Ұлттар Ұйымының 100 жылдық мерейтойына арнап ядролық қарусыз әлем құру ұсынылды. Оған біздің моральдық құқымыз бар.

Қазақстан әлемдегі қуатты ядролық полигонды жауып, әлемдегі қуаттылығы жағынан

төртінші орын алатын ядролық-зымыран арсеналынан бас тартты.

Егер халықаралық қоғамдастық, діни көшбасшыларды қоса алғанда, біз ұсынатын іс-қимылдарға қолдау көрсетсе, менің ойымша, бұл мақсатқа қол жеткізуге болады.

Қазақстан мемлекеттер арасындағы сенімді қалпына келтіру және нығайту бойынша дәстүрлі түрде жұмыс істейді. Біздің сириялық қақтығысты реттеуге қомақты үлес қосып келе жатқанымыз баршаға аян, оның ішінде келіссөздер жүргізуге мүмкіндік тудырып отырмыз.

Біз Шығыс Украинадағы өзекті мәселелерді шешу үшін тұрақты түрде жұмыс жүргізіп келеміз. Ресей мен Түркия арасындағы қақтығыс кезінде олардың қарым-қатынасын ретке келтіруге Қазақстан араласты. Біз осы бағытта әрі қарай да жұмыс істеуге дайынбыз.

Қазақстан алдағы уақытта да өңірлік және жаһандық қауіпсіздікке байланысты мәселелерді шешу бағытында барынша күш-жігер жұмсайтын болады.

Айтылған бастамаларды бірлесіп жүзеге асыру үшін мен өз тарапымнан Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі орталық құруға дайынмын.

Біз халықаралық құқық үстемдігіне негізделген неғұрлым қауіпсіз әлемге, әлемдік әділ тәртіпке бірлесіп қол жеткізуіміз керек.

Құрметті достар!

Біздің бірлескен күш-жігерімізді шешуді талап ететін басты міндетке тағы да назар аударғым келеді:

- жаһандық ойлау парадигмасын конфронтациядан кооперацияға ауыстыру;

- күштік эгоизмнен, әлеуметтік нигилизмнен және экономикалық ұлтшылдықтан парасатты мәмілені іздестіруге жауапты түрде көшу;





- жаппай бытырау үдерістерін кері бұрып, олардың қайтарылмау нүктесіне жетуіне жол бермеу.

Осы мақсаттың ауқымын жақсы білемін. Сонымен қатар, әлемдегі рухани саланың әлеуеті қаншалықты қуатты екенін түсінемін.

Дін әрқашан мәдениет пен қоғамдық қатынастарды қалыптастыратын іргелі күш болды. Қазір әлемде сапалық тұрғыда жаңа өлшемдер дүниеге келді, онда діндер мен оның баршаға мойындалған көшбасшылары айқындаушы рөлге ие болады.

Өркениеттердің қақтығысы адамзаттың пешенесіне жазылған таңдауы емес, оны өзгерту біздің қолымыздан келеді. Біз бар ниетімізді әлемдік үйлесімді тәртіпті іздестіруге тоғыстыруымыз қажет.

XXI ғасырда орын алған діндер арасындағы көпірлер салынуына ұқсас шара бұған дейін адамзат тарихында болған жоқ. Біздің форум рухани иерархтар мен саясаткерлер ынтымақтастығының түбегейлі жаңа жүйесінің көрінісі.

Бүгін бізге үйлесімді дамудың жаһандық тұрғыдағы келешегі туралы өз ойларымызбен бөлісудің тамаша мүмкіндігі тағы да беріліп отыр.

Осы кездесу халықаралық және діни өзара іс-қимыл тәжірибесін инновациялық идеялармен және жаңа ұсыныстармен байытады деп үміттенемін.

Әлемдік өркениеттің өзекті мәселелері бойынша жиналатын әрі талқылайтын сарайдың құрылысы мені көптен ойландырған еді. Бұған біз, қазақстандықтар, қалай

қарайтынымызды жаңа айттым. Біз пирамида түріндегі ғимарат құрылысының идеясына тоқтадық, біз қазір сол ғимараттамыз. Оның төрт қыры әлемнің төрт жағына қарайды, оған әркім өз ойымен, өз пікірімен кіріп, пікір алмасқаннан кейін ортақ оймен – біздің планетамыздағы бейбітшілік пен игілік туралы қасиетті ойлармен шығуына арналып отыр.

Міне, біз көпшіліктің батасы сіңген осы залда алтыншы рет жиналып отырмыз.

Біздің Съезімізге қолдау көрсеткендеріңіз үшін Сіздерге тағы да алғысымды білдіргім келеді және баршаңызға денсаулық, адамзатқа адал қызмет ету жолында табыстар тілеймін. Бәріңізге жемісті жұмыс, ашық және пайдалы диалог пен оң шешімдер тілеймін.

Сөзімді қорытындылай келіп Ватиканның Папа Кеңесіне дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Съездің бірінші сыйлығын тапсыру туралы қабылданған шешім туралы Сіздерге хабарлағым келеді.

Біз форумымызды қолдау жөніндегі ауқымды және пайдалы жұмыстары үшін Қасиетті таққа шын мәнінде ризамыз.

Енді осы сыйлықты баршаңыздың алдарыңызда табыс етеміз.

Сонымен қатар, бірқатар діни лидерлер мемлекеттік марапаттар мен Съездің естелік медальдарына ие болды. Менің тапсырмам бойынша оны Сіздерге Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Съез Хатшылығының Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырады.

Назар аударып, тыңдағандарыңызға рақмет!



ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НУРСУЛТАНА НАЗАРБАЕВА НА ОТКРЫТИИ VI СЪЕЗДА ЛИДЕРОВ МИРОВЫХ И ТРАДИЦИОННЫХ РЕЛИГИЙ

**Уважаемый Президент Республики Сербия! Ваши Преосвященства,
уважаемые участники и гости Съезда, дамы и господа!**

Искренне рад приветствовать вас на гостеприимной казахстанской земле. Позвольте выразить глубокую признательность духовным лидерам, представителям международных организаций, политикам и экспертам за поддержку нашей инициативы по созыву Съезда и личное участие в его работе.

Минуло 15 лет с того времени, как здесь был проведен исторический первый Съезд.

Сегодня мы собираемся уже в шестой раз. Мне очень приятно вновь увидеть наших старых друзей – участников прошлых заседаний.

Рад приветствовать тех, кто впервые приехал в Астану.

Наша столица в этом году отметила свое 20-летие. Съезд лидеров мировых и традиционных религий можно назвать ее визитной карточкой, потому что мы строили этот город – нашу столицу Астану как евразийский город будущего, открытый всем культурам. Общеизвестный принцип «единство в разнообразии» является подлинной философией казахстанской столицы.

Астана стала известна всему международному сообществу как точка притяжения миротворческих процессов, объединяющих инициатив.

Для нашей столицы характерен особый дух солидарности, взаимоуважения и толерантности.

За три года, прошедшие с момента прошлого Съезда, в столице Казахстана были проведены важные мероприятия глобального уровня. Принятые в Астане решения имели широкий международный резонанс, поскольку были пронизаны идеей миротворчества, партнерства, толерантности и созидания. Все это тем более важно, поскольку мир, к большому нашему сожалению, вошел в турбулентное состояние. Всех нас, и политиков, и религиозных деятелей не могут не беспокоить санкционное противостояние, межрелигиозные и внутрирелигиозные противоречия, торговые войны, загрязнение окружающей среды.

Межцивилизационные конфликты выглядят абсурдно на фоне научно-технологического прогресса. Однако именно сейчас формируется облик будущего человечества. В каком состоянии мы сможем передать нашу общую планету грядущим поколениям – это главная цивилизационная проблема.

Мы уже 18 лет живем в третьем тысячелетии, но мир, благополучие, достаток так и



не стали основной тенденцией развития человечества. Мировое сообщество не смогло выбраться из зловещего круга взаимного недоверия, неприязни и конфликтности.

Мы видим, что положение не только не выправилось, оно ухудшилось. Между странами, геополитическими блоками возводятся новые стены, новые «железные занавесы».

Но самое опасное – в умах и сердцах людей усиливается взаимная отчужденность.

Огромные усилия брошены на то, чтобы искать поводы для соперничества, а не основы для сотрудничества, создавать средства уничтожения друг друга, а не совместные проекты для процветания народов. Скажем прямо, это глубоко ошибочный, тупиковый путь. Поэтому наш общий долг в том, чтобы содействовать возвращению на магистраль прогресса. Промедление здесь недопустимо.

Сотни тысяч, миллионы людей вынуждены оставлять родные места, бесчисленное множество других пропадает без вести. Количество беженцев на планете превысило 65 миллионов человек. Потери растут не только из-за прямых конфликтов. Расходуя силы и средства на столкновения, человечество не находит их для защиты от природных катастроф.

Каждый год в результате стихийных бедствий за чертой бедности оказываются в среднем 24 миллиона человек. Миллионы людей вынужденно покидают свои дома.

Несмотря на бурное технологическое развитие и рост общемирового богатства, масштаб социальных бедствий продолжает расширяться. По данным Организации Объединенных Наций, 14 процентов населения планеты хронически голодает. Общее число безработных превысило 190 миллионов человек. Это усиливает социальное неравенство, как питательную почву для радикализма.

Поэтому центральным вопросом является безопасный, справедливый мир.

Принимая активное участие в работе Совета Безопасности ООН в качестве непостоянного члена, Казахстан ясно и недвусмысленно высказывается за принятие срочных мер для решения глобальных проблем, препятствующих прогрессу человечества. Однако безопасный мир нельзя достичь лишь усилиями Совета Безопасности ООН.

Сегодня мы все, в том числе присутствующие в этом зале религиозные, общественные деятели, политики должны внести свою лепту в преодоление глобального кризиса доверия. Естественно, веское слово должны высказать духовные лидеры. Вы представляете религии, каждая из которых уникальна. Но каждая из них полностью признает общечеловеческие ценности, единство нравственных принципов.

Уверен в том, что именно духовное начало, сотканное из множества убеждений, верований и идеалов, должно стать импульсом, объединительным процессом.

Вера в благодеяния Всевышнего зиждется на искреннем стремлении к миротворчеству. Человек, обладающий конфликтным менталитетом, никогда не станет истинно верующим.

Проведенные в Астане пять Съездов убедительно подтвердили жизненность идеи взаимного уважения, конструктивного сотрудничества лидеров различных культур, религий и обществ. Это доказано и опытом Казахстана.

Несмотря на то, что большинство наших граждан считает себя мусульманами, это не мешает свободе всех других религий. Вы это можете увидеть, пройдя по нашей столице, где рядом стоят храмы различных религий, люди спокойно ходят туда и молятся.



В Казахстане зарегистрировано более 3,5 тысяч религиозных субъектов 18 различных конфессий. При таком многообразии мы смогли найти баланс между обеспечением национальной безопасности и защитой религиозных свобод. В нашей стране, по всеобщему признанию, удалось сформировать особую казахстанскую модель межконфессионального мира и согласия.

Уверен, что опыт и практика Казахстана вполне применимы и в масштабах планеты.

Наша совместная работа сможет принести осязаемые результаты в деле обеспечения мира, прогресса, благополучия граждан многих стран.

Уважаемые участники и гости Съезда!

Позвольте поделиться видением тех направлений, на которых мы вместе могли бы сосредоточиться и работать.

Первое. В эру информационного общества мы должны использовать все преимущества новых технологий, чтобы вместе продвигать идеи мира и согласия на глобальном уровне. Для этого предлагается создать на базе нашего Съезда Информационный портал.

Задача Портала в том, чтобы помогать изучению и применению методов укрепления устойчивости к любым проявлениям религиозного радикализма и насилия в целом. Он может стать площадкой для работы с аудиторией верующих людей в глобальном формате. Каждый верующий сможет обратиться с вопросом или предложением к лидерам религиозных организаций, конфессиональных течений и получить обратную связь.

Второе. Мы недостаточно используем огромный потенциал, который заложен в наших с вами устремлениях по обеспечению мира на земле. Необходимо выходить на

новый уровень взаимодействия. Речь идет о применении огромных возможностей духовных лидеров и религиозных организаций для налаживания конструктивного диалога между конфликтующими сторонами.

Предлагаю всем духовным лидерам обратиться к мировому сообществу, людям, государствам с призывом о мире и безопасности. Его можно было бы облечь в форму фетвы, энциклики или других посланий и обращений, согласно практике каждой религии.

Третье. До сих пор одной из глобальных проблем современности остается отсутствие доступного образования. В мире 750 миллионов человек сегодня не умеют ни писать, ни читать. Нельзя преодолеть бедность, нищету без массового приобщения к знаниям и наукам. Именно образование является основой устойчивого иммунитета к идеям радикализма в любых его проявлениях.

Здесь чрезвычайно важное значение имеет и религиозное образование. Сейчас его платформой активно пользуются различные псевдорелигиозные организации. Поэтому мировые и традиционные религии могли бы проводить работу по разделению религиозных ценностей от политических идеологем.

Четвертое. Успех модернизации системы глобальной безопасности зависит от способности мирового сообщества преодолеть милитаристское мышление и связанные с ним опасные анахронизмы.

Надо оставить в прошлом деление стран на военные блоки, существование которых становится провоцирующим и бессмысленным.

Свое видение общемировых антивоенных мер я изложил в своем Манифесте «Мир. XXI век», который предлагает построение к 100-летию юбилею Организации



Объединенных Наций мира без ядерного оружия. Мы имеем на это моральное право.

Казахстан закрыл мощнейший в мире ядерный полигон, отказался от четвертого по мощности в мире ядерно-ракетного арсенала.

Если международное сообщество, включая религиозных лидеров, поддержит предлагаемые нами действия, эта цель, я думаю, может быть достижима.

Казахстан традиционно работает над восстановлением и укреплением доверия между государствами. Как известно, мы вносим свой посильный вклад в регулирование сирийского конфликта, в том числе предоставляя площадку для переговоров.

Мы постоянно работаем над решением проблем Восточной Украины. При конфликте России и Турции Казахстан вмешался, чтобы наладить их отношения. Мы готовы и дальше работать в этом направлении.

Казахстан будет и впредь прилагать максимальные усилия по решению вопросов, связанных с региональной и глобальной безопасностью.

Для совместной реализации озвученных инициатив со своей стороны я готов учредить Центр по развитию межконфессионального и межкультурного диалога.

Мы должны совместно добиваться более безопасного мира, более справедливого мирового порядка, основанного на верховенстве международного права.

Дорогие друзья!

Хотелось бы еще раз обратить ваше внимание на генеральную задачу, требующую решения нашими совместными усилиями:

- переключить парадигму глобального мышления с конфронтации на кооперацию;

- перейти от силового эгоизма, социально-го нигилизма и экономического национализма к ответственному поиску разумных компромиссов;

- обратить вспять процессы тотального разобщения, не дать им перейти точку невозврата.

Прекрасно понимаю масштаб этой цели. Вместе с тем осознаю, насколько мощным потенциалом обладает духовная сфера в целом в мире.

Религия всегда была фундаментальной силой, формирующей культуру и общественные отношения. И сейчас мир вступил в качественно новое измерение, где роль религий и ее общепризнанных лидеров будет иметь определяющее значение.

Столкновение цивилизаций не является фатальным выбором человечества, в наших силах его изменить. Надо объединить все наши устремления в поисках гармоничного миропорядка.

Ранее в истории человечества не было аналогов наведения мостов между религиями, как это происходит в XXI веке. Наш форум является собой принципиально новую систему сотрудничества духовных иерархов и политиков.

Сегодня нам вновь предоставляется уникальная возможность обменяться видением глобальных перспектив гармоничного развития.

Надеюсь, что нынешняя встреча обогатит практику международного и религиозного взаимодействия инновационными идеями и свежими предложениями.

Я давно думал о сооружении дворца, где могли бы собираться и обсуждать проблемы мировые цивилизации. Как относимся к этому мы сами, казахстанцы, я уже сказал. Мы остановились на идее сооружения здания в виде



пирамиды, где сейчас находимся, стороны которой обращены на все четыре стороны света, чтобы каждый и все входили сюда со своими мыслями и мнениями, а выходили после обмена мнениями с единой мыслью – священной мыслью мира и благополучия на нашей планете.

И вот уже в шестой раз мы собираемся в этом зале, который тоже стал благословенным.

Еще раз хочу искренне поблагодарить вас за поддержку нашего Съезда и пожелать всем доброго здоровья, успехов в благородном служении человечеству. Хочу пожелать всем плодотворной работы, открытого и полезного диалога и позитивных решений.

В заключение хотел бы проинформировать

вас о принятом решении вручить первую премию Съезда за вклад в межрелигиозный диалог Папскому Совету Ватикана.

Мы действительно благодарны Святому Престолу за большую и полезную работу по поддержке нашего форума.

Хотел бы вручить данную премию в вашем присутствии.

Кроме того, целый ряд религиозных лидеров удостоены государственных наград и памятных медалей Съезда. Их по моему поручению вручит вам Председатель Сената Парламента Республики Казахстан, Руководитель Секретариата Съезда Касым-Жомарт Токаев.

Благодарю за внимание, господа.



SPEECH OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN NURSULTAN NAZARBAYEV AT THE OPENING CEREMONY OF THE VI CONGRESS OF THE LEADERS OF WORLD AND TRADITIONAL RELIGIONS

Esteemed President of the Republic of Serbia! Your Eminences, dear participants and guests of the Congress, ladies and gentlemen!

I am sincerely pleased to welcome you to the hospitable land of Kazakhstan. Let me express my deep gratitude to spiritual leaders, representatives of international organizations, politicians and experts for supporting our initiative to convene the Congress and your personal participation in it.

15 years have passed since the first historic Congress was held here.

Today we are gathering for the sixth time.

I am very pleased to see our old friends again, who participated in previous meetings.

I am glad to welcome those who visit Astana for the first time.

This year, our capital has celebrated its 20th anniversary. The Congress of the Leaders of World and Traditional Religions can be called its hallmark, because we built this city, our capital Astana, as a Eurasian city of the future open to all cultures. The well-known principle «unity in diversity» is the true philosophy of the Kazakh capital.

Astana has become well known to the entire international community as a point of attraction for peacemaking processes and uniting initiatives.

Our capital city has a special spirit of solidarity, mutual respect and tolerance.

Over the past three years since the last Congress, the Kazakh capital has welcomed important global events. The decisions adopted in Astana gained widespread international interest as they conveyed the message of peacekeeping, partnership, tolerance and creation. All this is all more important since the world, to our great regret, is facing a turbulent period. All of us, both politicians and religious leaders, have every reason to be concerned by the sanction confrontation, inter-religious and intra-religious differences, trade wars, and environmental pollution.

Inter-civilization conflicts look absurd as science and technology progress. However, it is now that the future of humanity is shaping. The main civilizational challenge is in what state we will hand over our common planet to future generations.

We have been living in the third millennium for 18 years now, but peace, well-being and prosperity have not yet become a permanent trend of human development. The world community could not break the vicious circle of mutual distrust, hostility and conflicts.

We see that not only the state of affairs did not get redress, it worsened. New walls, new

«iron curtains» are being built between countries and geopolitical blocks.

However the most dangerous thing is that mutual alienation is growing in people's minds and hearts.

Tremendous strides have been made to look for reasons for rivalry, not frameworks for cooperation, to create means of destroying each other, and not joint projects for the prosperity of nations. Let us face it; this is a deeply wrong path leading to a deadlock. Therefore, our common duty is to help get back on the path of progress. We cannot afford to wait any longer.

Hundreds of thousands, millions of people are forced to leave their homes, many others go missing. The number of refugees on the planet has exceeded 65 million people. Losses grow not only because of direct conflicts. Humankind wastes its energy and resources on collision instead of using them to protect against natural disasters.

Every year, natural disasters force approximately 24 million people below the poverty line. Millions of people are forced to flee their homes.

Despite a rapid technological development and a growing global wealth, the scale of social disasters continues to expand. The United Nations data estimate that 14 percent of the world's population are victims of chronic undernourishment. The total number of unemployed people exceeded 190 million. This exacerbates social inequality as a breeding ground for radicalism. Therefore, a safe, fair world is a crucial issue.

Actively working in the UN Security Council as a non-permanent member, Kazakhstan is clearly and unequivocally in favor of taking urgent measures to solve global problems hindering human progress. However, a safe world cannot be achieved only through the efforts of the UN Security Council.

Today, we all, including religious and politicians present here, must contribute to overcoming

global confidence crisis. Spiritual leaders certainly should speak out. You represent religions, each of which is unique. However, each of them fully recognizes human values, the unity of moral principles.

I am sure that it is spirituality woven from a multitude of convictions, beliefs and ideals that should become a process that unifies impulses.

A belief in the favors of the Almighty rests on a genuine desire for peacemaking. A person prone to conflict will never become a true believer.

The five Congresses held in Astana decisively affirmed the viability of the idea of mutual respect and constructive cooperation of the Leaders of different cultures, religions and societies. This is proved by Kazakhstan's experience.

Although the majority of our citizens consider themselves Muslims, this does not hamper the freedom of all other religions. You can see this by walking around our capital, where different places of worship stand next to each other, and people go there and pray in peace.

Kazakhstan registered more than 3.5 thousand religious entities of 18 different denominations. With such diversity, we were able to strike a balance between ensuring national security and protecting religious freedoms. It is well recognized that we developed a special Kazakh model of interfaith peace and harmony.

I am certain that Kazakhstan's experience and practice is quite applicable on a global scale.

Our joint efforts will bring tangible results in ensuring peace, progress and well-being of citizens of many countries.

Dear participants and guests of the Congress! Let me share my perspective on those areas where we could focus and work together.

First. In the information era, we must take full advantage of new technology in order to promote the ideas of peace and harmony at the global





level. To this end, we propose to create an information portal on the basis of our Congress. The goal of the portal would be to support the research and application of methods to strengthen resistance to any manifestation of religious radicalism and violence in general.

It can become a platform to reach out to believers globally. Every believer will be able to contact the leaders of religious organizations, denominations and receive feedback on a question or suggestion.

Second. We are not using enough the huge potential of our aspirations to ensure peace on the Earth. It is necessary to upgrade our level of interaction. What is meant here is to use the enormous potential of spiritual leaders and religious organizations to establish a constructive dialogue between conflicting parties.

I suggest all spiritual leaders to appeal to the world community, people, states for peace and security. It could be made in the form of a fatwa, encyclical, or other message and appeal, according to the practice of each religion.

Third. One of the global problems of our time remains to be the lack of affordable education. Today, 750 million people can neither read nor write. It is impossible to overcome poverty without mass involvement in knowledge and sciences. Education is the basis of sustainable immunity to the ideas of radicalism in all its manifestations.

And religious education plays extremely important role in this regard. Now its platform is actively used by various pseudo-religious organizations. Therefore, world and traditional religions could take actions to separate religious values from political ideologies.

Fourth. Modernization of the global security system depends on the ability of the world community to overcome militaristic thinking and associated dangerous anachronisms.

It is necessary to leave in the past the division of countries into military blocs, their existence becomes provocative and meaningless.

I set forth my vision of global anti-war measures in my Manifesto «The World. The 21st Century», which suggests building a nuclear weapons free world by the centenary of the United Nations. We have a moral right to this.

Kazakhstan closed the world's most powerful nuclear test site, renounced the world's fourth-largest nuclear missile arsenal.

If the international community, including religious leaders, supports our suggested actions, this goal, I think, can be achieved.

Kazakhstan traditionally works to restore and strengthen trust between states. As you know, we make our own contribution to the settlement of the Syrian conflict, including by providing a platform for negotiations.

We are constantly working on resolving the problems of Eastern Ukraine. Kazakhstan mediated in the conflict between Russia and Turkey to improve their relations. We are ready to continue working in this direction.

Kazakhstan will continue to make maximum efforts to address issues related to regional and global security.

For the joint implementation of these initiatives, for my part, I am ready to establish the Center for the Development of Inter-Regional and Inter-Civilizational Dialogue.

We must work together to achieve a safer world, a fairer world order based on the supremacy of international law.

Dear friends! I would like to once again draw your attention to the general task that needs to be solved by our joint efforts to:

- to change the paradigm of global thinking from confrontation to cooperation;



- to move from forceful egoism, social nihilism and economic nationalism to a responsible search for reasonable compromises;

- to reverse the processes of total dissociation, not to let them pass the point of no return.

I perfectly understand the scale of this goal. At the same time, I realize how powerful the spiritual capacity is in the whole world.

Religion has always been a fundamental force shaping the culture and social relations. Now the world has entered a new dimension, where the role of religions and its generally recognized leaders will be crucial.

The clash of civilizations is not a fatal choice of mankind, it is in our hands to change it. We must unite all our aspirations in search of a harmonious world order.

Earlier in the history of mankind there were no analogues of building bridges between religions, as it happens in the 21st century. Our forum is a fundamentally new system of cooperation between spiritual hierarchs and politicians.

Today once again, we are given a unique opportunity to share our vision of global prospects for harmonious development.

I hope that this meeting will enrich the practice of international and religious communication with innovative ideas and fresh proposals.

I have long thought about building a palace where world civilizations could gather and discuss the problems. I have already said how we, Kazakh

citizens, treat this. We decided to build a pyramid where we are now, the sides of which are turned to all four corners of the world, so that everyone and all could come here with their own thoughts and opinions, and leave after exchanging views with a single thought – the sacred thought of peace and well-being on our planet.

And now, for the sixth time, we gather in this hall, which has also become a blessed one.

Once again I would like to sincerely thank you for the support to our Congress and wish you all good health and success in your noble service to humanity. I want to wish everyone fruitful work, open and beneficial dialogue and positive decisions.

In conclusion, I would like to inform you about the decision made to present the first award of the Congress for the contribution to the interreligious dialogue to the Pontifical Council of Vatican.

We are, indeed, grateful to the Holy See for the great and valuable work in supporting our forum.


I would like to present this award in your presence.

Moreover, a number of religious leaders have been awarded state awards and commemorative medals of the Congress. On my behalf, they will be handed over to you by Chairman of the Senate of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, the Head of the Secretariat of the Congress, Kassym-Jomart Tokayev.

Thank you for your attention.











СЕРБИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ АЛЕКСАНДР ВУЧИЧТИҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



**Жоғары мәртебелі Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев!
Құрметті діни лидерлер мен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің
VI Съезіне қатысушылар!**

Жоғары деңгейдегі кездесуге арналған қауіпсіз әлем құру, – бұл, сөзсіз біздің ғасырдағы ең маңызды тақырып.

Бейбітшілік пен қауіпсіздік ажырамас құндылықтар саналады, әрі баршамыздың өзіндік тағдырымызды, ортақ жауапкершілігімізді және де алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін

интерактивті мүмкіндіктеріміздің бар екендігін көрсетеді.

Руханилық – адамзаттың ең құдыретті күші. Бұл жер бетіндегі бардың бәрін біріктіруге ықпал етеді. Соның арқасында біз сабақ аламыз, өткенімізді, жетістіктеріміз бен олқылықтарымызды саралаймыз. Руханилықсыз біз

өзіміз өмір сүріп жатқан әлемді түсінбес едік, болашағымызды болжай алмас едік, өмірімізді жақсы ете алмас едік. Сондықтан, Жоғары мәртебелі Президент Назарбаев, 2003 жылы көтерген, діни көзқарас тұрғысынан әлемді сақтап қалу мен оның болашағын талқылайтын тұрақты Съез өткізу жөніндегі бастамаңыз өте орынды, ең жоғары бағаға лайық, Сіз көрегендік таныттыңыз!

Сербия орналасқан өңір тарихи жағдайларға байланысты әлемдік үш дін – православтық христиан, католицизм және ислам діндері тоғысқан әрі жиі бетпе бет келетін ерекше сипаттағы аймақ. Балқан – біздің кездесудің негізгі тақырыбы болып табылатын процестерді зерделеу мен мониторинг жүргізу үшін таптырмас үлгі деуге де болады. Бұлай айтуға себеп, менің өзім позитивті қадам жасап, тұрақты да өнімді діни ахуалға жағдай жасау үшін мүдделімін.

Осы кезге дейін өркениеттер плюрализмі бар деген ортақ пікір болды. Олардың өзара қарсылығы да назарға алынды. Қазіргі дәуірде бізге ұсынылған тәжірибеден соң білімнің, мәдениеттің, ғылым мен техниканың жалпыға қолжетімділігі мен бұқаралық ақпарат құралдарының кеңеюі, ғаламшарлық байлықтың ұлғаюы және барлық меридиандағы адамдар мен елдер арасындағы жеке таныстықтың мүмкін болуының арқасында біз бүгін тек бір ғана өркениет бар деп нық сеніммен айта аламыз!


Өркениет адамзаттың және діндердің өзгешелігінен тұрады. Өркениет – бәріміз үшін ортақ құндылық, сондықтан оны сақтап қалу мен дамыту жолындағы міндетіміз де ортақ әрі бірдей!

Адамзат өзінің апогейіне – «мәңгілік бейбітшілікке» қол жеткізбей келе жатқандығының басты себебі, Иммануил Кант айтқандай, дінде емес, діни бірлестіктерде жатыр. Дін өзінің түпкі негізінде екі маңызды рөл атқарады. Оның

бірі ашық, әрбір адамға өзінің құтқарылуы жолын көрсету мен уағыз айту. Екіншісі – қандай моралдық, рухани құндылықтар әлеуметтік қоғамды байланыстыру қажеттігін көрсету, біздің ортақ Жаратушымыздың сипаты мен қалауымен ұштастыру. Діннің мақсаты мен мәні кімнің күшті – әлсіздігін көрсету емес, осы жиналыста көшбасшылары отырған барлық діндер сүйіспеншілікті, бейбітшілікті, ынтымақты және бірлікті дәріптейді. Діни бірлестіктер оны зерттей отырып жариялайды, зайырлы тарихтағы Сцилла мен Харибда арасында Жаратушы ойының ашылуын қадағалайды.

Дін беделге ие және ең үлкен қозғаушы күш екені мәлім. Жердегі күштерге ие болуға бағытталған қазіргі зайырлы институттар бар екенін біле отыра, олардың жетістіктерін өз мақсаттарында пайдаланғысы келеді. Осылайша, діни идеалдар, өнегелік қағидалар мен кодекстер өздеріне тән емес мақсаттар үшін пайдаланылып жатады. Көбіне олар саяси және геосаяси мақсаттарды жақтап шығу үшін қолданылады, ал екінші жағынан, кейде керісінше толығымен ескерілмей қалатын кездері де болады. Мен осы Съездің жолдауларының бірі діннің басқа жағынан ықпалын көрсетсе деймін: діни ілім-білім жолында қалыптасқан жаңа әлемнің жолдаулары мен болжамдары, ең алдымен, халықаралық құқықтық тәртіп негізіне бейбітшілікке шақыратын үндеулер енгізілсе!

Біздің ғаламшарда өмір сүріп жатқан әрбір азаматқа құрмет көрсетілмесе, ешбір құндылық пен негізділіктің мәні жоқ. Дін біздердің тек материалдық жаратылыс қана емес екендігіміз жайлы, сонымен қатар ешкімнің де бізді материалдық құндылықтарды жасаушылар мен пайдаланушылар қатарына түсіре алмайтынын, көнімпаз әрі төзімді құлдар болуға мәжбүрлей алмайтындығы турасында хабар береді. Әрбір адам рухани жаратылыс, сондықтан ол азат,





құрықтап ұстауға көнбейді, өз тағдыры өз қолында, осы әлемдегі барлық адамға өзін тең көре алады, қымсынбай өзін өзі тәрбиелейді, өзін ерекшелейтін айырмашылықтардан қорықпай, өз дінін ұстана алады; өз ұлтының бірегейлігі мен мәдениетін мақтанышпен ұрпағына бере алады, әлемдік өркениет мұрасына өз үлесін қоса алады. Осындай адам Құдайдың сипатына сай кемел адам саналады, және тек осы түрде ғана ол әлемдегі бейбітшілікті қамтамасыз ететін құқықтық тәртіпті ұстанып оған тіреу бола алады!


Егер әлемнің қауіпсіздігі күштер теңдігіне негізделген болса, бұл тепе-теңдік ол бұзылғанға дейін ғана сақталады. Егер ол адамзаттың санасына негізделсе, қауіпсіздік мәңгілік болады! Әлемдік және дәстүрлі діндердің әсері күшті және осы тұрғыда маңызды рөл атқарады.

Сербия өзінің әлеуметтік құрылымы жағынан ғана емес, сонымен қатар мәдени ерекшелігімен де демократиялық ел болып та-

былады. Барлық діни бірлестіктер, барлық конфессиялар бірдей еркін әрі тең. Біз көптеген ұлттық азшылықтар мен олардың мәдени мұрасын еліміздің байлығы деп санаймыз. Достық мекені – Қазақстанда, осындай салиқалы жиында серб мемлекетінің осы алуантүрлі ерекшелікке деген қарым-қатынасы әрбір азамат пен жалпы қоғам үшін діни, этникалық қайшылықсыз бейбіт әрі қолайлы жағдай туғызғанын айта аламыз. Сонымен қатар, біз баршаңызды өркениет пен діни қазынаға сенбейтіндердің ұдайы қауіп-қатерінен Косово мен Метохиядағы Серб Православ Шіркеуінің монастырын қорғауға көмектесуге шақырамыз.

Президент мырза, адамзаттың негізгі проблемасы – бейбітшілік проблемасы туралы ой бөлісуге, діни, мәдени және әлеуметтік тәжірибеге сүйене отырып, бірге талқылауға мүмкіндік бергеніңіз үшін алғыс білдіремін.

Назарларыңызға рахмет!



ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ СЕРБИИ АЛЕКСАНДРА ВУЧИЧА

**Ваше Превосходительство
Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев!
Уважаемые религиозные деятели и участники
VI Съезда лидеров мировых и традиционных религий!**

Построение безопасного мира, которому посвящена эта встреча на высоком уровне, – это, безусловно, самая важная тема нашего века.

Мир и безопасность являются неотъемлемыми ценностями, и они демонстрируют, что у всех нас есть уникальная судьба, общая ответственность и интерактивные возможности для содействия достижению целей, которые мы ставим перед собой.

Духовность – самая высшая сила человека. Это позволяет объединить все существующее. Благодаря этому мы учимся и критически оцениваем наше прошлое, все наши взлеты и падения, достижения и ошибки. Без духовности мы не смогли бы понять мир, в котором мы живем, мы не смогли бы представить и определить направления его будущего, и мы не смогли бы сделать его лучше. Поэтому, Ваше Превосходительство Президент Назарбаев, ваша инициатива 2003 года по организации постоянного Съезда, на котором можно было бы подумать о существовании и перспективах нашего мира с религиозной точки зрения, абсолютно обоснована, дальновидна и достойна самой высокой оценки!

Регион, к которому относится Сербия, является одним из характерных точек, где

в силу исторических обстоятельств три великие мировые религии – православное христианство, католицизм и ислам встречаются и часто сталкиваются. Можно сказать, что Балканы – это идеальный образец для изучения и мониторинга процессов, которые являются предметом внимания нашей встречи. Я подчеркиваю это, чтобы объяснить, насколько лично я заинтересован в ожиданиях сделать позитивные шаги и создать условия для постоянного и продуктивного религиозного сосуществования.

До недавнего времени существовало общее убеждение, что существует плюрализм цивилизаций. Было упоминание об их взаимном противостоянии. После опыта, предоставленного нам в современную эпоху благодаря всеобщей доступности образования, культуры, науки и техники, расширению средств массовой информации, увеличению планетарного богатства и доступности личного знакомства между людьми и странами со всех меридианов – сегодня мы можем утверждать, что существует одна цивилизация!

Она состоит из различий человечества, а также религии. Цивилизация является общей ценностью для всех нас, и поэтому наши





обязательства по ее сохранению и прогрессу являются общими и абсолютно одинаковыми!

